

Сартоғай ауылдық округі құрамындағы бөліктеріне атау беру туралы

Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Сартоғай ауылдық округі әкімінің 2011 жылғы 30 қыркүйектегі № 4 шешімі. Ақтөбе облысы Байғанин аудандық Әділет басқармасында 2011 жылғы 25 қазанда № 3-4-121 тіркелді.

Ескерту. Шешімнің атауында және бүкіл мәтін бойынша "селолық" деген сөздер тиісінше "ауылдық" деген сөзімен ауыстырылды - Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Сартоғай ауылдық округі әкімінің 03.11.2014 № 15 шешімімен (алғаш ресми жарияланғаннан күнінен кейін күнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Деректемелерінде қазақ тілінде өзгеріс енгізілді, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді - Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Сартоғай ауылдық округі әкімінің 13.04.2017 № 8 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабының 2 тармағына және Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы № 4200 "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабы 4 тармақшасына және ауыл тұрғындарының пікірін ескере отырып, Сартоғай ауылдық округі әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Сартоғай ауылдық округінің құрамындағы бөліктеріне (қыстақтарға) келесі атаулары берілсін;

- 1) Шортан
- 2) Тұщықұдық
- 3) Қаратөбе
- 4) Аша
- 5) Нұрқожа-1
- 6) Нұрқожа-2
- 7) Бисек

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өз міндетіме аламын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сартоғай ауылдық округінің әкімі

Е.Қарабасов